

АРАЛЫҚ ЕСЕП
26 наурыз – 14 сәуір 2015 жыл

16 сәуір 2015 жыл

I. ҚЫСҚАША ШОЛУ

- 25 ақпанда Қазақстан Республикасының Президенті 26 сәуірде кезектен тыс сайлау өткізу туралы жариялады. Сайлауда жеңіске жету үшін кандидат сайлаушылардың кем дегенде 50 пайыз дауысын жинау керек; қажет жағдайда, екі айдың ішінде сайлаудың екінші туры өткізіледі. 2010 жылы заңнамаға енгізілген түзетулер Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевты Конституцияда бекітілген қатарынан келетін екі президенттік мерзіммен шектеуден босатты.
- Аталмыш сайлауға қатысу үшін үш кандидат тіркелді. 27 кандидат ішінен 15 кандидат мемлекеттік тілді білу деңгейіне міндетті емтихан тапсырған жоқ немесе одан өте алмады. Кейбір кандидаттар мемлекеттік тілді меңгеруді бағалау критерийлерін және өткізу процесінің өзін сынға алды. Кандидаттарды саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар ұсына алады, немесе олар өзін-өзі ұсынуы мүмкін, бірақ олардың барлығы сайлау құқығына ие болудың қатаң шағымдарына жауап беруі тиіс.
- Негізінен сайлау Конституциямен және Сайлау туралы заңмен реттеледі. Заңнамаға өзгерістер 2014 жылы енгізілген болатын, бірақ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның осыған дейінгі ұсыныстары ескерілген жоқ.
- Сайлаудың өткізілуін басқаруды төрт деңгейлі құрылым жүзеге асырады, оны Орталық сайлау комиссиясы басқарады. Осы уақытқа дейін сайлау комиссиялары барлық деңгейлерде ашық және ЕҚЫҰ/ДИАҚБ үшін барлық қажетті ақпаратты ұсынуда, және бүгінгі таңда барлық сайлау мерзімдері сақталуда. Сайлау туралы заң саяси партиялардың комиссиялардағы ортақ тең өкілдігіне кепілдік бермейді.
- Осы сайлауға дауыс беруге қатысу үшін 9,5 миллионға жуық сайлаушы тіркелді. Сайлаушыларды тіркеу пассивтік болып табылады және сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айырылған тұлғаларды қоспағанда, 18 жасқа толған барлық азаматтар сайлау құқығына ие. Сайлаушылардың тізімін жергілікті билік органдары түрлі құралдармен құрады. Сайлаушылар тиісті аймақта тұратынын дәлелдей алатын болса, сайлау күні сайлау учаскесіне тіркеле алады.
- Сайлау науқаны 26 наурызда бастау алды, бірақ әзірге аса байқалмайды. Президент сайлау науқанына тікелей қатыспаймын деген ниетін білдіргеніне қарамастан, өзінің ресми қызметінде елді белсенді аралап жүр. Науқанды қаржыландыруды реттейтін шарттар қоғамға сайлау күніне дейін есеп беруді қарастырмайды.
- Заңнама бойынша науқанның БАҚ-та объективтік жарық көруі және кандидаттар үшін телевизия мен радиода эфирлік уақытты ұсынуды, сондай-ақ, баспалық басылымдарда жарнамалық алаңдар ұсынуды қоса алғанда, тең құқықтар беру талап етіледі. ЕҚЫҰ-ның

БАҚ-тағы сөз бостандығы мәселелері жөніндегі өкілі және ЕҚЫҰ/ДИАҚБ өкілдері бұқаралық ақпарат құралдарының жабылуы мен оларға қатысты санкциялар қолдануға кінә тақты, ол плюрализмге теріс әсер етеді. Заңнамадағы соңғы өзгерістерге қарамастан, сақталған жала жабу үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкіндігі медиа-кеңістікті басуда.

- Сайлауға байланысты шағымдар мен өтініштерді сайлау комиссиясы және сот қарауы мүмкін. Осы уақытқа дейін сотқа үш шағым түсті, және олардың барлығы негізсіз болуына байланысты кері қайтарылды, ал ОСК-ге бірде-бір шағым жіберілген жоқ. Бас прокурор интернет ресурстар мен әлеуметтік медиа-ресурстарды белсенді қадағалап отырады және кандидаттардың ары мен намысын дискредитациялау әрекеті үшін екі ескерту берді.
- ЕҚЫҰ/ДИАҚБ өз жұмысын 26 наурызда бастады және Астана қаласында орналасқан 12 сарапшыдан құрылған негізгі топтан және жалпы ел бойынша барлық облыстарға жіберілген 30 ұзақ мерзімді бақылаушыдан тұрады.

II. КІРІСПЕ

Сыртқы істер министрлігінің шақыруы бойынша және 3-6 наурыз аралығында өткізілген Қажеттіліктерді бағалау жөніндегі миссияның (ТБМ) ұсыныстары негізінде (ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюро (ЕҚЫҰ ДИАҚБ) Сайлауды бақылау жөніндегі миссия тағайындады¹. Корнелия Джонкер басқаратын СБМ Астана қаласында орналасқан 12 қатысушыдан құрылған негізгі топтан және 31 наурызда елдің барлық облыстарына жіберілген 30 ұзақ мерзімді бақылаушыдан тұрады. Миссия мүшелері ЕҚЫҰ-ға қатысушы 24 елден шақырылды. Қатысушы елдерге сайлау күні рәсімді қадағалау үшін 400 қысқа мерзімді бақылаушы ұсыну туралы сұраным жіберілді.

III. АЛҒЫШАРТТАР

Елдің тұңғыш және жалғыз Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2014 жылғы қарашада экономикалық қиындықтарға қарсы іс-қимыл жасау үшін «Нұрлы Жол» бағдарламасын ұсынды. Ол «Қазақстан-2050» стратегиясының негізінде құрылған, аталмыш стратегия Қазақстанның 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарына кіруін мүмкін ететін жағдайларды құруға бағытталған. 2015 жылғы 11 ақпанда Президент елдің экономикалық қиындықтарға тап болғанын және елеулі реформалар жүргізу керектігін айтты.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев басқаратын алқалы орган, Қазақстан халқы Ассамблеясы 2015 жылғы 14 ақпанда кезектен тыс сайлау өткізу туралы ұсыныс білдірді, оның себебі ретінде президенттік және парламенттік сайлауларының бір уақытта өткізілуін болдырмау келтірілді. Парламент, «Қазақстан-2050» стратегиясын іске асыру үшін құрылған ұлттық коалициямен бірге бұл бастаманы бір ауыздан қолдады, Президентке «Нұрлы Жол»² бағдарламасын іске асыруға мандат ұсыну қажеттігін тілге тиек етті. Президент 25 ақпанда кезектен тыс сайлау өткізу күні ретінде 26 сәуірді белгіледі. Бұл кезектен тыс өткізілетін қатарынан екінші президенттік сайлау. Өкімет сайлауды ұлттық заңнама мен халықаралық стандарттарға сәйкес өткізуге ынталылығын білдірді.

¹ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Қазақстан бойынша осыған дейінгі барлық есептерін мына мекенжайдан табуға болады: <http://www.osce.org/odihr/elections/kazakhstan>.

² «Қазақстан-2050» демократиялық күштер ұлттық коалициясы, олардың мүшелерінің қатарына мыналар кіреді: «Нұр Отан» партиясы, Қазақстанның коммунистік халық партиясы (КҚХП), Қазақстан патриоттарының партиясы, «Ақ Жол» демократиялық партиясы, «Бірлік» партиясы, «Ауыл» әлеуметтік-демократиялық партиясы және Кәсіподақтар федерациясы.

Мәжілістегі (парламенттің төменгі палатасы) тікелей сайланатын 98 мандаттан Президент Назарбаевтың «Нұр Отан» партиясы 83 мандатқа, «Ақ жол» партиясы - 8, Қазақстанның коммунистік халық партиясы (ҚКХП) – 7 мандатқа ие. Парламентке қатысушы партиялар саны бірден артық болуына және тоғыз тіркелген саяси партияның болуына қарамастан, президент және «Нұр Отан» партиясы ұлттық саясат мәселелеріне басым ықпалын тигізеді. 2014 жылғы 25 желтоқсанда Алматы қаласының Экономикалық соты Қазақстанның коммунистік партиясының қызметін тоқтату туралы шешім шығарды.

IV. САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІ-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

Қазақстан президенттік ел болып табылады, онда президентке кең өкілеттер беріледі. Президент премьер-министрді, бас прокурорды және барлық деңгейдегі төрешілерді тағайындауға және отставкаға жіберуге құқылы. Сондай-ақ, президент парламент ұсынған барлық заңдарға, Конституциялық кеңестің шешімдеріне вето сала алады, сонымен қатар парламентті таратуға құқылы.

Президент абсолюттік көпшілікпен бес жылдық мерзімге сайланады. Кандидаттардың бірде-бірі дауыстардың 50 пайызын ала алмаған жағдайда, екі айдың ішінде қайтадан дауыс беру жүргізіледі, оған неғұрлым көбірек дауыс санын алған екі кандидат қатысады. Конституцияда бекітілген шектеуге сәйкес, бір тұлға қатар келетін екі президенттік мерзіммен шектелген. Аталмыш шектеу Президент Назарбаевқа қатысты қолданылмайды³.

Президенттік сайлау Конституциямен, Сайлау туралы конституциялық заңмен және Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) шешімдерімен реттеледі⁴. 2014 жылы сайлау заңнамасына және сайлау процесінің аспектілерін реттейтін басқа да заңдарға өзгерістер енгізілді. Өзгертілген Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте сайлау заңнамасын бұзушылықтарының неғұрлым егжей-тегжейлі анықтаулары көрсетілді, дегенмен, сайлау заңнамасына енгізілген өзгерістерде ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның осыған дейін айтқан ұсыныстары, оның ішінде сайлау үрдісін басқару мәселелеріне, кандидаттарды тіркеу, сондай-ақ, шағымдар мен өтініштерді қарауға қатысты ұсыныстары ескерілмеген⁵.

V. САЙЛАУ ҮРДІСІН БАСҚАРУ

Сайлау үрдісін басқару ОСК, 16 территориялық сайлау комиссиясы (ТСК), 208 аудандық сайлау комиссиясынан (АСК) және 9741 учаскелік сайлау комиссиясынан (УСК) тұратын төрт деңгейлі жүйесімен жүзеге асырылады⁶.

Барлық деңгейдегі комиссиялардың құрамында бес жылдық мерзімге сайланатын жеті мүше бар. ОСК-ның төрағасы мен екі мүшесін президент тағайындаса, Сенат пен Мәжіліс екі мүшеден тағайындайды, ОСК-ның ағымдағы құрамы алты мүшеден тұрады, олардың екеуі - әйел. Олардың барлығы 2015 жылғы ақпан-наурызда қайта тағайындалды, ал бір орын бос болып табылады. Территориялық, аудандық және учаскелік комиссиялардың мүшелері 2014 жылғы наурызда саяси партиялар тарапынан, ұсыныстардың саны жеткіліксіз болғанда

³ Әділет министрлігі партиялық мүшелігіне тексергеннен кейін, соттан партияның қызметін тоқтата тұруды сұрады. Тексеру өңірлік партиялардың басшыларынан түскен партиялық тізімдердегі анық емес жағдайлардың болуы туралы шағымның нәтижесінде бастамаланған болатын.

⁴ Конституцияның 42.5-бабы және «Бірінші Президент - Ел көшбасшысы туралы» Заңның 2000 жылы өзгертілген 1-бабы Президент Назарбаевқа ерекше мәртебе ұсынады.

⁵ Қолданылатын басқа заңдар Саяси партиялар туралы Заңды және Бейбіт жиналыстар туралы Заңды, сондай-ақ, Қылмыстық кодексті, Әкімшілік кодексті, Азаматтық іс жүргізу кодексіні, БАҚ туралы Заңды, Ақпараттандыру туралы Заңды және Жарнама туралы Заңды қамтиды. Сондай-ақ, қоғамдық жиналыстарға байланысты жергілікті түрлі ережелер де қолданылады.

⁶ Елдің аймағынан тыс 51 елшілік пен консулдықтар ұйымдастырған 65 сайлау учаскелерін қоса алғанда.

қоғамдық ұйымдардан, осыдан кейін жоғары деңгейдегі сайлау комиссиялары тарапынан ұсыну негізінде тиісті Мәслихаттармен (жергілікті кеңестер) сайланған болатын. Әрбір ұйым әр комиссияға бір мүшеден ұсынуы мүмкін, дегенмен, Сайлау туралы заң бір ұйымның мүшесіне басқа ұйымнан ұсынылуы мүмкін етеді⁷. Партиялар тарапынан комиссияға мүшелік етуге ұсынулар да мәслихаттар үшін міндетті болып табылмайды. Онымен қоса, Сайлау туралы заң саяси партиялардың аудандық және ұлттық деңгейдегі комиссияларда тең өкілдік етуіне кепілдік бермейді.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ осы уақытқа дейін қатысқан комиссияларда, 2014 жылы тағайындалған мүшелердің бестен бір бөлігіне жуығы ауыстырылды. Жалпы, мүшелердің үштен екісіне жуығын саяси партиялар ұсынған, ал қалғандарын – қоғамдық ұйымдар немесе жоғары деңгейдегі сайлау комиссиялары ұсынған⁸. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ кездескен комиссия мүшелерінің кейбірі өздерінің қандай ұйымнан ұсынылғанын немесе өздерінің партиялық тізімдерге мүшелігі туралы білмейтін болып шықты. Әйелдер осы уақытқа дейін СБМ кездескен комиссиялардың барлық мүшелердің жартысын құрайды және ширегінен астамын басқарып отыр.

Осы уақытқа дейін барлық сайлау мерзімдері сақталып келді. ОСК-ны қоса алғанда, комиссиялардың көпшілігі ашық болып табылады және ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ға қажетті барлық ақпаратты ұсынады. Сайлауды жариялағаннан кейінгі мерзімде ОСК-ның жиырма төрт отырысы өткізілді, және оның отырыстары бақылаушылар, уәкілетті өкілдер және БАҚ үшін ашық болды. ОСК отырыстарының басталуына дейін күн тәртібін жариялаған жоқ, алайда, бұл заң бойынша талап етілмейді де⁹. ОСК-ның барлық шешімдері онлайн режимде жарияланады, алайда ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ кейбір шешімдердің кешігіп жарияланғанын атап өтті. ОСК дайындаған әдістемелік құралдар мен бейнематериалдарымен ТСК және УСК-ны оқыту жалғасып жатыр. Сондай-ақ, ОСК сайлаушыларды кең ауқымды оқыту бағдарламасын әзірледі, оған жарнамалық тақталар, плакаттар және телевизиялық роликтер жатады.

VI. САЙЛАУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ

Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ, жасалған қылмыстардың ауырлығына қарамастан, сот үкімі бойынша бас бостандығынан айырылған тұлғаларды қоспағанда, 18 жасқа толған барлық азаматтар дауыс беруге құқылы.

Сайлаушыларды тіркеу пассивтік болып табылады. Сайлаушылар тізімін құрау бойынша деректерді жинаудың бірегей құралдары жоқ. Әрбір *әкімдік* (жергілікті басқару органы) халықты тіркеуге қатысатын кез келген ұйым ұсынған деректердің, сондай-ақ, сайлаушылардың үйін аралау нәтижелері бойынша жиналған ақпараттың негізінде тізім жасай алады. Әкімдіктер тиісті ТСК-ге деректерді жылына екі рет ұсынады, ал сайлау өтетін жылы – сайлауға 20 күн қалғанда ұсынады. ОСК деректерді жинайды және оларды ұлттық электрондық тізілім бойынша қайталап тіркеу мүмкіндігін тексереді.

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тіркелген сайлаушылар саны 9357483 болды, және 2015 жылғы 5 сәуірде 9514988 болып көбейді. ОСК бұл көбеюді сайлаушылардың үйін аралаумен байланыстырады. УСК сайлаушылардың тізімін жұртшылыққа 11 сәуірден бастап

⁷ Сайлау туралы Заңның 10-бабына сәйкес, «Әрбір саяси партия өзінің кандидатын тиісті сайлау комиссиясына ұсынуға құқылы. Саяси партия аталмыш саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатты сайлау учаскесіне ұсынуға құқылы».

⁸ Басқалармен қатар, қоғамдық ұйымдар мыналарды қамтиды: үкіметтік емес ұйымдар, кәсіподақтар және қорлар.

⁹ ОСК-ке сәйкес, кандидаттар мен олардың өкілдері заңнаманың талаптарына сәйкес ОСК-ның тиісті сессиялары туралы хабарлама алады.

ұсынуға міндетті. Сондай-ақ, сайлаушылар өздерінің сайлау учаскелерінің орналасуын интернеттен біле алады.

Сайлау күні тіркелген жерінде болмайтын азаматтар, дауыс беруге 30 күн қалғанда уақытша болатын жері бойынша сайлау тізіміне уақытша енгізуге өтініш бере алады. Онымен қоса, сайлау күніне дейінгі екі апта бойына сайлаушылар есептен шығару куәлігін (ЕШК) алуға өтініш бере алады, ол сайлаушыларға өздері тіркелген қаладан, ауылдан немесе селодан тыс кез-келген сайлау учаскесінде дауыс беру мүмкіндігін береді. УСК, сонымен қатар, сайлаушылар тізіміне енгізілмеген, бірақ тиісті аймақта тұратынын дәлелдей алатын жағдайда, сайлаушыларды сайлау күні де тіркей алады.

VII. КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ

Кандидат тумысынан Қазақстан Республикасының азаматы болуы керек, жасы 40 жастан кем емес, қазақ тілін жетік меңгерген және ел аймағында соңғы 15 жыл бойы тұруы керек¹⁰. Қылмыстық жазасын өтеуші (шартты түрде өтеуді қоса алғанда) тұлғалар, соттылығы өтелмеген тұлғалар немесе қылмыс үшін сотталғандар немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттерін қоса алғанда әкімшілік жазаға тартылғандар, сайлауға түсе алмайды¹¹.

Кандидат өзін-өзі ұсынуы мүмкін немесе саяси партияларды қоса алғанда, қоғамдық ұйымдардан ұсынылуы мүмкін. Тіркелу үшін ОСК кандидаттың сәйкестігін растап, кандидат тіл емтиханын тапсыру керек, өз кандидатурасын қолдаған сайлаушылардың қолын жинап, сайлау депозитін тапсыру керек. Кандидаттарды ұсыну 26 ақпаннан 15 наурызға дейін жалғасты. 25 өзін-өзі ұсынушы мен саяси партиялардан 2 адам тіркелді. Екі кандидат әйел болса, бір кандидат этникалық өзбек болды.

ОСК-ге ұсынылғандардың құқықтылығын анықтауға бес күнге дейін уақыт берілді. Екі ұсынылушы ең төменгі жас мөлшеріне жетпегендіктен қабылданбады; үшеуі өз кандидатураларын кері қайтарды; ұсынылушылардың төртеуі ОСК тағайындаған тіл комиссиясы ұйымдастырған тілді білуге міндетті емтиханға келген жоқ; сегізі емтиханнан өткен жоқ; үшеуі тіл комиссиясының алдына келді, бірақ комиссияның құрамымен немесе емтихан рәсімімен келіспеушілік себебімен өтуден бас тартты; ал жетеуі емтиханды тапсырды¹².

ОСК ережелеріне сәйкес, тіл емтиханы үш тапсырмадан тұрады: екі беттен аспайтын шығарма жазу, үш бетке дейінгі қазақ классикалық поэзиялық немесе прозалық шығарманы мәнерлеп оқу және 15 минут бойы сөз сөйлеу. Тіл комиссиясының рәсімді өткізу ережесінде жіберілген қателердің рұқсат етілген саны және ненің қате болып саналатыны көрсетілмеген¹³. Емтиханды тапсыра алмаған кейбір ұсынылушылардың айтуынша, бағалау критерийлері дискрециялық болып табылады, ал тіл комиссиясы ұсынылғандардың түрлі пәндер бойынша стилін және білімін бағалап, құқықтық аядан тыс шықты.

Талаптарға сәйкестігі анықталғаннан кейін, қалған жеті ұсынылушы өз кандидатураларын қолдауға сайлаушылардың қолын жинау үшін парақтар алуы тиіс болды. Олардың әрқайсысы

¹⁰ 1998 жылы Конституциялық Кеңес мынадай конституциялық ұғымды белгіледі: «мемлекеттік тілді жетік білу», «сауатты оқу және жазу, өз ойын еркін айту және жұртшылықтың алдында қазақ тілінде сөйлеу».

¹¹ Сонымен қатар, сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдар қызметке тағайындалмайды; Конституцияның 33.3-бабы.

¹² Тіл комиссиясы президенттікке кандидаттардың қазақ тілін еркін меңгергенін тексеретін, ОСК тағайындаған бес ғалымнан тұрады.

¹³ Ұсынылушылардың бірі ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ге өзінің 22 қате жіберіп емтиханнан өте алмағанын айтты, олардың алтауына емтиханда жол берілген, қалғандары стилистикалық болған. Дегенмен, тіл комиссиясы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на емтиханда сегіз қателе дейін жіберуге болатыны туралы айтты, ал қалған бөлімдер есептеу жүйесі бойынша бағаланған. Осы ұсынылушы тіл емтиханынан 2005 жылы ешбір қатесіз өткен, ал 2011 жылы өте алмаған.

барлық тіркелген сайлаушылардың (93012) кем дегенде бір пайызын жинауы керек болды, тең көлемде облыстардың үштен екі бөлігінен болуы тиіс. Ұсынылушылардың үшеуі қол қоятын парақтарды алмауды ұйғарды, бір ұсынылушы қолдардың жеткілікті санын жинай алмады, ал үш ұсынылушы қолдардың қажетті санын жинады¹⁴. Территориялық сайлау комиссиясы қолдардың шынайылығын тексерді.

Қажетті салық декларацияларын ұсынғаннан кейін және 1,07 миллион қазақстандық *теңге* мөлшеріндегі сайлау депозитін тапсырғаннан кейін, үш ұсынылушы ОСК-де кандидат ретінде тіркелді¹⁵. Олар - «Нұр Отан» партиясы ұсынған, елдің қазіргі Президенті Н. Назарбаев, ҚХП ұсынған Тұрғын Сыздықов және Кәсіподақтар федерациясының төрағасы және «Нұр Отан» партиясының мүшесі болып табылатын өзін-өзі ұсынушы Әбілғазы Құсайынов.

VIII. САЙЛАУ НАУҚАНЫН ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Сайлау науқанының ресми кезеңі кандидаттарды тіркеу аяқталғаннан кейінгі келесі күні, 26 наурызда басталды және сайлау тыңшылығы орнаған кезең басталған сәтте, 24 сәуірде аяқталады. Аталмыш кезектен тыс сайлауды өткізудің айтылған маңыздылығына қарамастан, науқан осы уақытқа дейін аса байқалмайды. ЕҚЫҰ\ДИАҚБ СБМ-мен сұхбаттасушылар елдегі нағыз оппозицияны басу фактісін, үкіметке белгілі сын айтушылардың кейбірі қамауда немесе қуғында жүргенін атап өтті. Президент өзінің науқанға қатыспайтыны туралы шешімін жариялады, дегенмен, ол өзінің ресми лауазымында елді белсенді аралауда¹⁶. Осы уақытқа дейін ЕҚЫҰ\ДИАҚБ СБМ сегіз митингті бақылады: төртеуі қазіргі президенттің атынан ұйымдастырылды, қалған кандидаттар екі митингтен ұйымдастырды¹⁷. Өзінің кездесулерінің бірінде Сыздықов мырза кездесуге қатысушылардан өз кандидатурасын қолдауды сұраған жоқ, Президентті елдің жетістіктері үшін мадақтады¹⁸. Қазіргі Президенттің сайлау платформасында экономикалық реформалар, саяси тұрақтылық, этносаралық келісім және әлеуметтік тұтастық ерекше аталады. Сыздықов мырзаның сайлау платформасы әлеуметтік теңдікті құруға және батыс құндылықтарының теріс әсерін жоюға бағытталған. Құсайынов мырзаның сайлау платформасы экологиялық мәселелер мен өндірістік қауіпсіздікке ерекше назар аударады. ЕҚЫҰ\ДИАҚБ СБМ бірқатар сұхбаттасушылар айтуынша, олар қазіргі президенттен басқа кандидаттардың атымен немесе сайлау платформаларымен таныс емес.

Жалпы ел бойынша «Қазақстан-2050» және «Нұрлы Жол» бағдарламаларын қолдауға бағытталған, президенттің кандидат ретінде және елбасы ретінде бейнесі салынған плакаттар мен жарнамалық тақталарды байқауға болады. ОСК-ның ресми плакаттарынан басқа, қалған екі кандидаттың үгіт материалдары байқалмайды. ЕҚЫҰ\ДИАҚБ СБМ-ның кейбір сұхбаттасушылары қазіргі президенттің институционалдық артықшылығына қатысты өздерінің алаңдаушылығын білдірді.

Конституция бойынша жиналыстар еркіндігіне кепілдік берілсе де, «Бейбіт жиналыстарды, кездесулерді, шерулерді, пикеттер мен митингтерді өткізуді ұйымдастыру және өткізу рәсімдері туралы» Заң жариялы жиналыстар өткізу бойынша бірқатар шектеулерді қамтиды.

¹⁴ Ел Президенті Н. Назарбаев 3 күннің ішінде 560523 қол жинады, ал Құсайынов мырза 6 күннің ішінде 132152 қол жинады, ал Сыздықов мырза 8 күннің ішінде 40 000 қол жинады.

¹⁵ Шамалап айтылған бағам: қазақстанның 200 теңге = 1 Еуро. Дауыстың кем дегенде 5 пайызын жинаған адамдарға, кепіл қайтарылады.

¹⁶ 26 наурыздан 14 сәуір аралығында президент жұртшылықтың алдына көрмелерде, ауруханаларда, мәдени орталықтар мен Астананың және бес өңірдің өнеркәсіптік зауыттарында 21 рет көрінді. Президенттің ресми веб-сайтына сәйкес, 2014 жылдың осы кезеңінде ол Астана мен Алматы қалаларында жұртшылықтың алдына үш рет шыққан.

¹⁷ ЕҚЫҰ\ДИАҚБ СБМ сайлау науқаны аясында барлық кандидаттардан іс-шаралар кестесін сұрады және қазіргі президенттен басқасының барлығынан алды.

¹⁸ Кандидат Сыздықовтың 9 сәуірде Павлодардағы Естай атындағы мәдениет сарайындағы кездесуі.

Жариялы іс-шараны өткізу датасына 10 күн қалғанда, өткізілетін іс-шараның сипаты мен ұйымдастырушылары туралы ақпаратты қоса қамтитын өтінім тиісті жергілікті атқарушы органдарға ұсынылуы тиіс. ЕҚЫҰ\ДИАҚБ СБМ бірқатар сұхбаттасушылары айтқандай, бұл ереже сынау әрекеттерін төмендетуге және жиналыстардың еркіндігін тежеуге бағытталған.

ЕҚЫҰ\ДИАҚБ СБМ студенттер мен компаниялардың қызметкерлері қазіргі президентке дауыс беру нұсқауларын алатыны туралы ақпарат алды¹⁹. Бұл жағдай мемлекеттік әкімшілік ресурстарды теріс пайдалану туралы аландаушылық тудырады.

Сайлау туралы заңда әр кандидатқа өзінің сайлау науқанын қаржыландыруға тең мемлекеттік қаражат ұсыну кепілдендірілген. Сондай-ақ, жеке қаржыландыру рұқсат етілген, оған кандидаттың өз қаражаты, азаматтар мен заңды тұлғалар енгізетін қайырымдылық көмегі, сондай-ақ, кандидатты ұсынған ұйымдар бөлетін қаражат кіреді²⁰. Өзін өзі ұсынған кандидаттың соңғы көрсетілген қаржыландыру көзіне құқығы жоқ болғандықтан, оның алатын және жұмсайтын қаражаты партиялар ұсынған кандидаттардың қаражатынан айырмашылығы болады²¹. Кандидаттар сайлау өткеннен кейін сайлау науқанына жұмсалған шығындар бойынша есеп берулері тиіс. Сайлау науқанын қаржыландыру ережесін бұзу кандидатты тіркеуден алып тастауға немесе белгілі бір аймақтағы сайлау нәтижелерін күші жоқ деп тануға әкеп соғуы мүмкін.

IV. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

Сайлау туралы заң бұқаралық ақпарат құралдарын сайлау науқандарын объективті жариялауға және кандидаттар мен саяси партияларға бұқаралық ақпарат құралдарына тең қол жетімділікті кепілдендіруге міндеттейді. Әрбір кандидатқа телевизияда 15 минут және радиода 10 минут эфирлік уақыт, сондай-ақ, баспа басылымдарында екі мақала жариялауға қаржы бөлінеді. Әр кандидатқа ұсынылған кез келген эфирлік уақыт, жаңалықтарды қоспағанда, үгіт нақаны болып есептеледі және оны кандидаттар төлеуі тиіс. Заң ақылы жарнамаға шектеу қарастырмайды, ол тек сайлау науқанына кететін шығындарға қойылған жалпы шектеулермен ғана шектеледі.

ОСК БАҚ-тың Сайлау туралы заңға сәйкес әрекет етуі үшін жауапты. ОСК аталмыш міндетті Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетімен (БАҚ мәселелері бойынша комитет) ынтымақтастықта атқарады. БАҚ мәселелері бойынша комитет кандидаттарды түрлі БАҚ-та көрсетуіне сандық сараптама жасайды (45 телеарна, 11 радиостанция, 232 газет және 126 электрондық БАҚ) және алынған ақпаратты күнделікті негізде ОСК-ге ұсынады. Кандидаттарды жарыққа шығару талданып жатқан кезде, комитеттің міндеттерінің бірі БАҚ-тағы ықтималды дискредитациялаушы арыздарды анықтау болып табылады.

БАҚ-тың үлкен санының жұмыс істегеніне қарамастан, ЕҚЫҰ\ДИАҚБ СБМ кейбір сұхбаттасушылары олардың тәуелсіздігіне күмәнданады. ЕҚЫҰ-ның БАҚ қорғау мәселелері бойынша өкілі Қазақстандағы тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының жалғасып келе жатқан қорқытуы мен жабылуын айтып бірнеше рет айыптай сөйледі, оның пайымынша бұл БАҚ арасындағы плюрализмді шектеуге әсер етеді²². 1 қаңтарда өзгертілген Қылмыстық

¹⁹ Қостанай және Маңғыстау облыстары.

²⁰ 58-бапқа сәйкес кандидаттардың меншікті қаражаты 107 миллион теңгеден (шамамен 535 000 еуро), қайырымдылық 320 миллион теңгеден (шамамен 1,6 миллион еуро), ал ұсынушы ұйымдардан алынған қаражат 150 миллион теңгеден (шамамен 750 000 еуро) аспауы тиіс.

²¹ Президент Назарбаев және Сыздықов мырза партиялардан ұсыныла отырып, әрқайсысы 577 миллион теңгеге дейін ала алады (750 000 еуро). Құсайынов мырза, өзін-өзі ұсынушы болғандықтан 427 миллион теңге ала алады (2,1 миллион еуро).

²² ЕҚЫҰ-ның БАҚ-ты қорғау мәселелері бойынша өкілі, 2014 жылғы қараша. Мына мекенжай бойынша қолжетімді: <http://www.osce.org/fom/127436>

кодекс күшіне енді, онда жала жабу және қорлау заңға қайшы болып табылатын ережені, сондай-ақ, ресми тұлғаларды, атап айтқанда Президентті және оның отбасын, сондай-ақ, мемлекеттік қызметкерлерді ерекше қорғауға қатысты ережелерді қамтиды. Жаңартылған кодекс жалған ақпарат таратуға қатысты ақпаратты қамтиды, ол үшін он жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылған, ал 2014 жылы Коммуникациялар туралы Заңға енгізілген өзгерістер жекелеген тұлғалар, қоғам және мемлекет үшін «қауіпті» болып табылатын ақпаратты тарататын болса немесе «экстремистік» қызметке шақыратын болса, прокурорға интернет сайттарды уақытша өшіру мүмкіндігін ұсынады.

28 наурызда ЕҚЫҰ\ДИАҚБ СБМ жеті телеарнаға, бір радиостанцияға, үш электрондық БАҚ-қа және бес газетке сандық және сапалық мониторинг жүргізуге кірісті²³.

Х. ШАҒЫМДАР МЕН ӨТІНІШТЕР

Құқықтық база сайлаудың барлық қатысушыларына соттың істі қарауы және қайта қарау құқығын ұсынады, алайда сайлаудың соңғы нәтижелеріне апелляция құқығын президентке, парламент мүшелерінің бесінші бөлігіне, парламенттің екі палатасының спикерлеріне және премьер-министрге береді.

Сайлауға қатысты шағымдар мен өтініштер сайлау комиссиясымен қатар, сотқа да берілуі мүмкін, бұл ретте аудандық соттар соттың бірінші сатысы ретінде қарастырылады²⁴. Егер шағым жоғары деңгейдегі сайлау комиссиясы мен сотқа қатар берілген болса, басымдық сотқа беріледі. Барлық шағымдар бес күннің ішінде қаралады, ал сайлауға бес күннен кем уақыт қалса, дереу қаралады. Есептік кезең бойынша сотқа үш шағым ету берілді: екеуі кандидаттарды тіркеуге қатысты болды және біреуі президенттің кезектен тыс сайлау өткізудің заңдылығына келіспеу туралы болды. Шағымдардың үшеуі де негізсіз танылып, бас тартылды. Осы уақытқа дейін ОСК-ге бірде-бір шағым түскен жоқ.

Сайлау заңнамасын бұзу туралы шағымдар сотқа, сайлау комиссияларына және БАҚ-қа, интернетке және әлеуметтік желілерге заңнаманы сақтау мақсатымен мониторинг жүргізетін прокурорларға берілуі мүмкін. Сайлау ережелерін бұзу үшін жазалар айыппұлдарды, түзету жұмыстарын және жеті жылға дейін бас бостандығынан айыруды қамтиды. Бас прокуратура ЕҚЫҰ\ДИАҚБ СБМ-ға Фейсбук әлеуметтік желісіндегі екі тұлғаға ескерту айтқаны туралы хабарлады, онда екі кандидат: президент Назарбаев пен Сыздықов мырзаның ары мен намысын таптау талпыныстары жасалған болатын²⁵.

ХІ. АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҚЫЛАУШЫЛАР

Сайлау туралы заң азаматтық және халықаралық бақылаушылардың, сондай-ақ, тіркелген кандидаттардың өкілдерінің жұмысын қарастырады. «Сайлауды бақылау жөніндегі республикалық мемлекеттік комиссия» 9500-ге жуық бақылаушы жіберуді жоспарлап отыр. ЕҚЫҰ\ДИАҚБ СБМ бақылауға қатысуға ниет білдірген азаматтық бақылаушылардың қандай да бір тобы туралы ақпарат алған жоқ. 14 сәуірдегі жағдай бойынша шет елдерден,

²³ «Қазақстан» телеарнасы, «Хабар» телеарнасы (мемлекеттік телерадиотарату компаниялары), Еуразия бірінші арнасы (негізінен мемлекет есебінен қаржыландырылатын телерадиотарату компаниясы), «Астана» телеарнасы, Жетінші арна, 31 арна және КТК (жеке-меншік арналар), Қазақ радиосы (мемлекет қаржыландырады), www.nur.kz, www.tengrinews.kz, www.zakon.kz (Электрондық БАҚ), «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» (мемлекет қаржыландырады), «Караван», «Время» және «Жас Алаш» (жеке-меншік газеттер).

²⁴ Оған кірмейтіндер: ОСК-нің кандидаттарды тіркеу туралы шешіміне қатысты шағымдар Жоғарғы Сотқа жолданады, ал соңғы қорытындыға шағым Конституциялық сотқа жолданады.

²⁵ Аталмыш әрекеттер Қылмыстық кодекстің 130-бабы бойынша заңмен қудаланады және екі жылға дейін бас бостандығынан айыру мүмкін.

ЕҚЫҰДИАҚБ, Тәуелсіз мемлекеттер достастығынан, Шанхай ынтымақтастық ұйымынан және Түркі тілдес елдердің парламенттік ассамблеясынан 496 халықаралық бақылаушы тіркелді.

XII. ЕҚЫҰДИАҚБ СБМ ҚЫЗМЕТІ

ЕҚЫҰДИАҚБ СБМ ашылуы 26 наурызда өткізілген баспасөз мәжілісінен басталды. ЕҚЫҰДИАҚБ СБМ өкілдері мемлекеттік органдармен, ОСК өкілдерімен, сайлауға қатысушылармен және саяси партиялардың, БАҚ, азаматтық қауымдастық, Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламасының кеңсесі және халықаралық қауымдастық өкілдерімен кездесті²⁶.

*Есеп мәтінінің сонымен қатар ағылшын және орыс тілдеріндегі нұсқалары да бар.
Ағылшын нұсқасы жалғыз ресми нұсқа болып табылады.*